

"Қамысты ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылышы және құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Костанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 182 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік органдардың және олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Қамысты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қамысты ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылышы және құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

2. Қамысты ауданы әкімдігінің "Қамысты ауданының құрылыш бөлімі" және "Қамысты аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы" 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 63, "Қамысты ауданының құрылыш бөлімі" және "Қамысты ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы" Әкімдіктің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 63 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 11 ақпандағы № 66 қаулыларының күші жойылсын.

3. "Қамысты ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылышы және құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жоғарыда аталған Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Аудан әкімі

Г. Бекмухамедов

Қамысты

ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 25 қарашадагы
№ 182 қаулысына
қосымша

"Қамысты ауданы әкімдігінің сәulet, қала құрылышы және құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қамысты ауданы әкімдігінің сәulet, қала құрылышы және құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) Қамысты ауданы аумағындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Бөлімнің ведомствоның бағынысты ұйымдары жоқ.
3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбасы, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. Бөлім, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110800, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қамысты ауданы, Қамысты ауылы, Ержанов көшесі, 61.
10. Осы ереже басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.
11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.
12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен басқарманың құзыретіне кіретін міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Тапсырмалар:

- 1) сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) респубикалық және жергілікті бюджеттерден алынған қаражат есебінен құрылышқа арналған инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) өзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттерді жүзеге асыру.

14. Орган:

1) Құқықтар:

мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, ұйымдар мен азаматтардан өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты сұрату;

аудан әкіміне, аудан әкімдігіне ауданың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары, басымдықтары мен даму стратегиялары бойынша ұсыныстар енгізу;

Басқарманың құзыретіне жататын мәселелерді шешу бойынша аудан әкімінің, аудан әкімдігінің, аудандық мәслихаттың қарауына ұсыныстар енгізу.

2) Міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сактау;

жоғары тұрған мемлекеттік органдардың, аудан әкімінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау;

мемлекеттік қызметтерді көрсету.

15. Функциялар:

1) белгіленген тәртіппен қала құрылышы, құрылыш және жобалау сметалық құжаттаманы келісуге қатысу;

2) объектілер мен кешендерді орналастыру бойынша ұсыныстар енгізу, жерге орналастыру қызметімен бірлесіп қала құрылышы мақсаттары үшін жер участкерін таңдау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

3) аумақты салу, инженерлік дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілердің құрылышын консервациялау, аудандық маңызы бар объектілерді кәдеге жарату бойынша жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

4) объектілерді, сондай-ақ пайдалануға берілген объектілерді (кешендерді) пайдалануға қабылдау актілерінің есебін жүргізу;

5) сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен салынып жатқан (құрылышы жоспарланған) объектілер мен кешендер мониторингін жүргізу;

6) мемлекеттік сатып алу;

7) құрылыш-монтаждау жұмыстарын жобалау бойынша конкурстарға қатысу;

8) аумақтың жоспарланып отырған дамуы немесе қала құрылышының басқа да өзгерістері туралы халықты хабардар ету;

9) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру;

10) аудандық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу;

11) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізуіді және толтыруды қамтамасыз ету;

12) заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлімнің құқықтары мен мүдделерін, оның ішінде соттарда қорғауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу және іс жүргізу кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

3-тaraу. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Бөлімге басшылықты басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуы және өз өкілеттігін жүзеге асыруы үшін жеке, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық жауаптылықта болатын басшы жүзеге асырады.

17. Бөлім басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бөлім басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;

2) мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен функцияларды орындағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады;

3) Бөлімде сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы жөнсіз шараларды қабылдағаны үшін жеке жауапкершілікте болады;

4) бүйрықтарға, қызметтік құжаттамаға қол қояды;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда, ұйымдарда мемлекеттік мекеме атынан өкілдік етеді;

8) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастыруға, қабылдау, тіркеу және есепке алу жай-күйіне дербес жауапты болады.

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4- тарау. Мемлекеттік органдың мүлкі

19. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Басқарманың балансында көрсетілетін мүліктен тұрады.

20. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.